



Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау

СӨЖ

Тақырыбы: Жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде әйел денсаулығын қорғау

Қабылдаған:

Орындаған: Батырбекова А.К.

Курс: 5


Тобы: ЖМ-035-2к



Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім:
 1. “Халық денсаулығы және ден.сақтау жүйесі туралы” ҚР-ның Кодексі
 2. Әйел денсаулығын әлеуметтік қорғау
 3. Әйел денсаулығын медициналық тұрғыда қорғау
 4. Перзентхана (бөлімше) туралы ереже
 5. Ана мен баланы қорғау саласында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы туралы ереже
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

- Ана мен баланы қорғау деген – мемлекеттік, қоғамдық және медициналық мекемелер және медициналық шаралары, олар аналарды мадақтау, баланың дүниеге келуіне және тәрбиеленуіне жағдай жасау, ана мен баланың денсаулығын қамтамасыз ету, жанұяның нығайтуға жан-жақты қолдау жасау.
- *Аналарды қорғау мекемелер:* біріктірілген перзентхана, әйелдерге кеңес беру жекеленген мекеме, жалпы ауруханалардың акушерлік-гинекологиялық бөлімдері, көп салалы ауруханада қосалқы аурулары бар жүкті әйелдерге арналған арнайы бөлімшелер (палаталар), адамның репродукция орталығы, медициналық-генетикалық кеңес беру орны, «Неке және жанұя» кеңес беру орны, медициналық бөлімі, дәрігерлік амбулаториясы, санаторлық-курорттық мекемелер.



- Әйелдер мен балалар денсаулығы жақсарып келеді. Соңғы үш жылда (2010 жылдан бастап) ана өлімі 1,7 есе азайды, нәрестенің шетінеушілігі 1,2 есе төмендеді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туғанға шаққанда 13,5-ті құрады. Ана өлімінің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан (24,4), Оңтүстік Қазақстан (23,2), Жамбыл (18,7) облыстарында және Алматы қаласында (18,2) тіркелген. 2012 жылдың өткен мерзімі ішінде нәресте шетінеушілігінің деңгейі 2010 жылғы 16,54-ке қарсы 1000 тірі туғанға шаққанда 13,48-ді құрады. Нәресте шетінеушілігінің ең жоғары деңгейі Қызылорда (18,7), Шығыс Қазақстан (16,5), Атырау (15,9), Оңтүстік Қазақстан (14,9) және Қостанай (14,7) облыстарында байқалады.
Ана мен бала (нәресте) өлімін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) деңгейінде төмендету бойынша жүйелік шаралар шеңберінде ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығын жақсарту, ауруларды ерте анықтау, диспансерлік қадағалау және оларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Халықаралық талаптарға сәйкес ана мен баланың денсаулығын сақтау бойынша диагностика мен емдеу хаттамалары жетілдірілуде, диагностика мен емдеудің 40-тан аса хаттамалары, оның ішінде 8 клиникалық нұсқау әзірленді, осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.
- балалар өлімі көрсеткіші 28-ден 18,7-ге дейін, нәрестелер өлімі көрсеткіші 25-тен 16,7-ге дейін төмендетілді. Әлемнің барлық елдерінде халықаралық көрсеткіштер мен ұлттық статистика арасында біршама айырмашалық болады. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2014-2015 жылдарға арналған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстанда балалар өлімі көрсеткіші 17 ұстанымға төмендеді.
- Ал 2014 жылғы есеп бойынша балалар өлімі көрсеткіштері 16,4-ке, нәрестелер өлімі көрсеткіші 14,6-ға дейін төмендеді.




Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспары


Мақсаты: медициналық көмек көрсетуді жақсартуға және саламатты өмір салтын ұстануға уәждемені құруға бағытталған азаматтардың денсаулығын нығайту саясатын жүргізу арқылы адам капиталының сапасын арттыру:

1. Халықтың өмір сүру ұзақтығын **72 жасқа** дейін ұлғайту
2. Ана өлімін **екі есе** төмендету
3. Нәресте өлімін **екі есе** төмендету
4. Жалпы өлімді **30%-ға** төмендету
5. Туберкулезден сырқаттанушылықты **20%-ға** төмендету


Күтілетін өмір сүру ұзақтығы




1000 тірі туғандарға шаққандағы нәрестелер өлімі




1000 тірі туғандарға шаққандағы ана өлімі



1000 халыққа шаққандағы жалпы өлім



100 мың халыққа шаққандағы туберкулезбен сырқаттанушылық



“Халық денсаулығы және ден.сақтау жүйесі туралы” ҚР-ның Кодексі

• Тарау-17

- **97-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңінде денсаулығын сақтау**

1. Әйелдің жүктілік кезеңінде, босану кезінде және босанғаннан кейін, оның ішінде шарананы тірі туудың және өлі туудың халықаралық критерийлерімен айқындалатын мерзімінен бұрын босанғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып, денсаулығын сақтауға және көмек алуға құқығы бар.

2. Жүкті, босанатын және босанған әйелдерге денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында медициналық, консультациялық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде ұсынылады.

3. Жүктілік кезеңінде зерттеп-қарау, емдеу және медициналық араласу әйелдің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Зерттеп-қарауды, емдеуді және медициналық араласуды кешеуілдету әйелдің және баланың (шарананың) өміріне қауіп төндіретін жағдайларда зерттеп-қарауды, емдеуді және медициналық араласуды жүзеге асыру туралы шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

Әйел денсаулығын әлеуметтік қорғау

- Әйел адамдар жүктілік кезінде және босанған соң әлеуметтік қорғалады. Жүкті және 3 жасқа дейінгі балалары бар әйел адамдарды ауыр және түнгі уақыттағы, демалыс күніндегі жұмысқа салуға; іс-сапарларға жіберуге рұқсат етілмейді. Жүкті әйелдерді әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіндегі жеңілдіктермен қамтып, жұмысын жеңілдетеді. Бұл жеңілдіктер басқа да өнеркәсіптерде әртүрлі және спецификалы. Бірақ, маңыздысы, бұл жеңілдіктер еңбек ақысын төмендетумен жүрмеуі керек.
- Заңға сәйкес, босанғанға дейін демалыс 70 күнтізбелік күнге (көп ұрықты жүктілік кезінде-84 күн) және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күнге (босанғаннан кейінгі асқынуларда, екі немесе көп бала туғанда-70 күн) беріледі. Демалысқа шығу қалыпты жүктілікте 30 аптада, ал қауіпті аймақтарда тұратын жүкті әйелдерге, көп ұрықты жүктілікте 27 аптада беріледі.

- Ана және бала денсаулығын қорғау- мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесіндегі негізгі мәселе, оның медико-әлеуметтік мағынасы болып ана денсаулығын сақтау, ана және бала өлімін азайту, дені сау ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ана мен бала денсаулығының көрсеткіштері қоғамның әлеуметті-экономикалық дамуының сезімтал индикаторы ретінде саналады.



Әйел денсаулығын медициналық тұрғыда қорғау

- Жүктіліктің басынан аяғына дейін жүкті әйел әйелдер консультациясының бақылауында болады. Жүктіліктің дұрыс өтуін бақылау үшін қажетті тексеру жұмыстары мемлекеттің қаражаты есебінен тегін жүргізіледі. Жүктілікті уақытында бақылап отыру- ана мен бала денсаулығына тиетін қауіпті дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Егер жүктілік кезінде қауіп-қатердің алдын алу мүмкін болмаса, ана денсаулығын қорғау үшін жүктілікті жасанды үзу жүргізіледі.



- *Әйелдерге кеңес беру мекемесі.* Қызмет көрсетеді: ауданға бекітілген барлық әйелдерге, жүкті әйелдерге, босанатын және босанған әйелдерге, босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерге, гинекологиялық аурулары бар әйелдерге. Міндеттері: жүктілік кезіндегі асқынулар және босану және босанудан кейінгі кезеңде аурудың алдын алу, антенатальды кезеңдегі баланың денсаулығын қорғау, әйелдерге медициналық тексеру жүргізу, жүкті әйелдерді және созылмалы гинекологиялық аурулары бар жүкті әйелдерді бақылау және диспансерлік тіркеуге алу, ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, санитарлық – гигиеналық тәрбие жұмысын және салауатты өмір салтын насихаттау. Әйелдерге кеңес беру мекемесінің құрылымы: басқару (бас дәрігер, меңгеруші), тіркеу орны, күту залы, акушер-гинеколог дәрігерлердің кабинеттері, басқа мамандар кабинеті (терапевт, онколог, тіс дәрігері және т.б.), балалар гинекологиясы кабинеті, бедеуліктің және етеккір тоқтаған кезеңіндегі ақаулар кабинеті, жүктіліктен сақтану кабинеті, жүкті әйелдерге арналған психотерапиялық дайындау кабинеті, әлеуметтік-құқықтық кабинеті, «Ана мен баланың мектебі» атты кабинеті, емдеу-диагностикалық бөлімдері мен кабинеттері: рентгенологиялық, физиотерапиялық, емдеу-егу кабинеті, функционалды диагностика, ультрадыбысты зерттеу, эндоскопиялық бөлімдері, зертханалар, шаруашылық бөлмелері.




- "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының [7-бабының](#) 14-тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын сақтау ұйымдарының қызметін жетілдіру, жүкті, босанатын, босанған әйелдерге, нәрестелерге және гинекологиялық сырқаттарға медициналық көмекке қолжетімділік пен оны көрсету сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**
- 1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) осы бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес Перзентхана (бөлімше) туралы ереже;
 - 2) осы бұйрыққа [2-қосымшаға](#) сәйкес Перинаталдық орталық (облыстық, қалалық) туралы ереже;
 - 3) осы бұйрыққа [3-қосымшаға](#) сәйкес Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы туралы ереже бекітілсін.
- 2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының) (келісім бойынша), республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары осы бұйрыққа сәйкес меншік нысанына қарамастан, Ана мен бала денсаулығын сақтау ұйымдарының қызметін қамтамасыз етсін.
- 3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Емдеу-алдын алу ісі департаменті (Исмаилов Ж.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.
- 4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Мұхамеджанов Ж.М.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.
- 5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т.Омаровқа жүктелсін.
- 6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

- Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 742 бұйрығына
1-қосымша

- **Перзентхана (бөлімше) туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

- 1. Осы ереже меншік нысанына қарамастан, перзентхана (бөлімше) қызметін ұйымдастыруды белгілейді.
- 2. Перзентхана (бөлімше) қызметінің негізгі мақсаты әйелдерге жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде акушериялық-гинекологиялық көмек, сондай-ақ нәрестелерге және ұрпақты болу жүйесінің аурулары бар әйелдерге медициналық көмек көрсету болып табылады.
- 3. Перзентхана мынадай міндеттерді атқарады:
 - 1) медициналық көмекті өңірлендіру принциптерін сақтай отырып, жоспарлы стационарлық акушериялық, гинекологиялық, неонатологиялық көмек көрсету;
 - 2) аумақтық принцип бойынша бастапқы медициналық-санитариялық қызмет ұйымдарымен, перинаталдық орталықтармен сабақтастық мәселесі жөнінде ынтымақтастық;
 - 3) бекітіліп берілген аумақта босандыру қызметін талдау және мониторингі;
 - 4) аналардың және перинаталдық өлім-жітім жағдайларын, жүктіліктің, босанудың, босанғаннан кейінгі кезеңдегі қатты асқыну және нәрестелердің ауыр сырқаттану жағдайларын талдау;

- 5) медицина қызметкерлері үшін оқу семинарларын өткізу;
 - б) акушериялық-гинекологиялық және неонатологиялық қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық деректерді талдау.
- 4. Перзентхана (бөлімше) жеке денсаулық сақтау ұйымы немесе көп бейінді денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істей алады.
- 5. Перзентхана (бөлімше) аумақтық принцип бойынша көмек көрсетеді, бірақ сонымен бірге жүкті немесе сырқат әйел босандыру мекемесін қалауы бойынша таңдай алады.
- 6. Перзентхана (бөлімше) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- 7. Перзентхананың (бөлімшенің) ұсынылатын құрылымы:
 - 1) әйелдер консультациясы (дербес перзентхана үшін);
 - 2) акушериялық блок;
 - 3) анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі (босандыру бөлімшесіне арналған төсектер);
 - 4) нәрестелер бөлімшесі (босандыру бөлімшесіне арналған төсектер);



- - 5) гинекологиялық бөлімше;
 - 6) қосалқы және параклиникалық қызмет (дербес перзентханада);
 - 7) әкімшілік шаруашылық қызмет (дербес перзентханада).
- 8. Жеке мемлекеттік медицина ұйымы ретінде құрылған перзентханаға басшылық етуді бас дәрігер жүзеге асырады, оны денсаулық сақтау саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдары қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.
- 9. Медицина ұйымының құрылымында құрылған босандыру бөлімшесіне басшылық етуді бас дәрігердің орынбасары (бөлімше меңгерушісі) жүзеге асырады, оны осы ұйымның басшысы қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.
- 10. Ұсынылатын жұмыс тәртібі:
 - әйелдер консультациясы сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 8.00 -ден 15.00-ге дейін жұмыс істейді;
 - стационар жоспарлы түрде емдеуге жатқызуды сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін жүзеге асырады;
 - жүкті, босанатын, босанған әйелдерді және нәрестелерді қабылдау шұғыл түрде тәулік бойы жүзеге асырылады.


2. Перзентхананың (бөлімшенің) функциялары мен құрылымы

- 11. Перзентхананың функциялары мыналар болып табылады:
 - 1) әйелдерге жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде стационарлық акушериялық-гинекологиялық көмек, нәрестелерге және ұрпақты болу жүйесінің аурулары бар әйелдерге медициналық көмек көрсету;
 - 2) ұрпақты болу жүйесі ауруларының алдын алуды, диагностикалау мен емдеуді жүзеге асыру;
 - 3) жүктілікті үзеді және жүктілікті үзуге байланысты медициналық көмек көрсету;
 - 4) әйелдерді санитариялық-гигиеналық нормалар, баланы емізу, отбасын жоспарлау, ұрпақты болу жүйесі ауруларының алдын алу, аборт пен жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша оқыту;
 - 5) жүкті, босанатын, босанған, гинекологиялық сырқат әйелдерге және нәрестелерге жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін оларды басқа денсаулық сақтау ұйымдарына жіберу мақсатында медициналық айғақтарды айқындау;

- 6) белгіленген тәртіппен уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын жүргізеді, әйелдердің жүктілігі мен босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парағын береді, еңбек ету қабілетін тұрақты жоғалтқан әйелдерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу;
- 7) әйелдердің, нәрестелер мен медицина қызметкерлерінің арасында ауруханаішілік жұқпалы аурулармен сырқаттанудың алдын алу мақсатында санитариялық-гигиеналық әрі індетке қарсы режимді ұйымдастырады және қамтамасыз ету;
- 8) әйелдердегі акушериялық асқынулардың және ауыр экстрагениталдық аурулардың, нәрестелердің сырқаттану себептерін талдауды жүргізу;
- 9) ана өлімі мен перинаталдық өлім-жітімнің статистикалық мониторингін және себептерін талдауды жүзеге асыру;
- 10) нәрестелердің вакцинопрофилактикасын қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оларды тұқым қуалайтын ауруларға тексеруді жүргізу;

- 11) әйелдер мен нәрестелер перзентханада болған кезеңде олардың тамақтануын ұйымдастыру;
 - 12) бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарымен, сондай-ақ басқа да медициналық ұйымдармен (туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық, онкологиялық диспансерлермен, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталықтарымен, жұқпалы аурулар стационарларымен және басқа) ынтымақтасу;
 - 13) есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізу.
- 12. Перзентхананың (бөлімшенің) құрылымын басқару органы бекітеді.

- 13. Перзентхананың (бөлімшенің) құрылымы:
 - 1) қабылдау бөлімі;
 - 2) босандыру бөлімшесі:
 - жеке босану палаталары;
 - материалдар бөлмесі;
 - шағын операция бөлмесі;
 - ана мен бала палаталары;
 - ана мен баланың оқшауланған палаталары;
 - манипуляция бөлмесі;
 - емшара кабинеті;
 - шығару бөлмесі;
 - 3) операциялық блок:
 - операция бөлмесінің кіреберісі;
 - операциялық акушерлік;
 - материалдар бөлмесі;
 - қызметкерлердің операцияға дайындалуына арналған бөлме;



- 4) жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесі:
 - жүкті әйелдер палаталары;
 - тексеру бөлмесі;
 - емшара бөлмесі;
- 5) нәрестелер бөлімшесі:
 - нәрестелерге арналған қарқынды терапия және реанимация бөлімшесі (палата);
 - емшара кабинеті;
 - егу кабинеті;
- 6) жүкті, босанған және операциядан кейінгі гинекологиялық сырқат әйелдерге арналған анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі (палаталар);
- 7) гинекологиялық бөлімше:
 - гинекологиялық сырқаттарды қабылдау бөлімі;
 - гинекологиялық сырқаттар палаталары;
 - тексеру бөлмесі;
 - гинекологиялық сырқаттарға операция жасау бөлмесі;
 - емшара бөлмесі;
 - дербес перзентханалар үшін;

- 8) клиникалық-диагностикалық зертхана;
 - 9) функциялық диагностика кабинеті;
 - 10) физиотерапиялық кабинет;
 - 11) рентгенологиялық кабинет;
 - 12) орталықтандырылған стерильдеу бөлімшесі;
 - 13) әкімшілік-шаруашылық бөлімше (әкімшілік, тамақтану блогы, бухгалтерия, кадр бөлімі, жабдықтау бөлімі, дәріхана, кір жуатын бөлме).

- **Ана мен баланы қорғау саласында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау**

ұйымы туралы ереже 1. Жалпы ережелер

- 1. Осы Ереже жеке заңды тұлға ретінде құрылған және ана мен баланы қорғау саласында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі - ЖММК ұйымы) жұмыс тәртібін айқындайды.
- 2. ЖММК - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын диагностикалау мен емдеудің жаңа технологияларын пайдалануды қажет ететін аурулар кезінде азаматтарға көрсетілетін медициналық көмек.
- 3. ЖММК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының қызметін үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.
- 4. ЖММК көрсетуді уәкілетті орган құратын ЖММК жөніндегі орталық комиссия үйлестіреді.
- 5. ЖММК көрсететін денсаулық сақтау ұйымы жұмысының негізгі мақсаты диагностикалау мен емдеудің, оңалтудың жаңа, күрделі және қымбат тұратын әдістерін пайдалануды қажет ететін аурулар болғанда емделушілерге жоғары мамандандырылған акушериялық, гинекологиялық, неонатологиялық көмек көрсету болып табылады.

2. ЖММК көрсететін ұйымының негізгі міндеттері мен функциялары

- 6. ЖММК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының міндеттері:
 - 1) жүктілік, босану кезеңінде, гинекологиялық сырқат әйелдер мен жаңа туған нәрестелерді емдеу тактикасын айқындау үшін қауіптілігі жоғары топқа консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуді жүзеге асырады;
 - 2) ЖММК көлемінде стационарлық акушериялық, гинекологиялық, неонатологиялық көмек көрсетеді;
 - 3) жаңа туған, оның ішінде дене салмағы аз және өте аз нәрестелерге реанимациялық әрі хирургиялық көмек көрсетеді және оларды қарқынды терапиямен емдейді;
 - 4) сырқат және шала туған нәрестелерді 2-ші кезеңде күтіп-бағады;
 - 5) перинаталдық диагностика жүргізеді;
 - 6) әйелдер мен балаларға оңалту көмегін көрсетеді;
 - 7) акушериялық, гинекологиялық, перинаталдық көмек көрсететін барлық ұйымдармен және құрылымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;



- 8) ұқсас ЖММК орталықтарымен бірігіп жұмыс жүргізеді;
 - 9) акушериялық, гинекологиялық, неонатологиялық қызметтердің негізгі көрсеткіштерінің статистикалық деректерін жинайды және талдайды;
 - 10) республикадағы мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырады;
 - 11) ана өлімі мен перинаталдық өлім-жітімді азайту, әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;
 - 12) оқыту нұсқауларын, әдістемелік ұсынымдарды шығарады;
- 7. ЖММК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының функциялары мыналар болып табылады:
 - 1) заңнамада белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін нозологиялар тізбесіне сәйкес әйелдерге жүктілік, босану кезеңінде, босанғаннан кейінгі кезеңде ұрпақты болу жүйесінің аурулары бар әйелдерге жоғары мамандандырылған акушериялық-гинекологиялық көмек көрсету;

- 2) көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыратын экономикалық тиімді әдістерді пайдалана отырып, қазіргі заманғы медициналық технологияны қолдану;
 - 3) инновациялық технологияларды әзірлейді және оларды практикалық денсаулық сақтау саласына енгізу;
 - 4) барлық деңгейлердегі медицина ұйымдарында жүкті, босанған әйелдерге және нәрестелерге консультациялық медициналық көмек көрсету;
 - 5) ана мен баланы қорғау ұйымдарында инфекциялық бақылау бағдарламаларын іске асыруды үйлестіреді және мониторинг жүргізу;
 - 6) әйелдер мен нәрестелерге медициналық көмек көрсетудің сапасын клиникалық-сараптамалық бағалау мониторингін жүргізу;
 - 7) ана өлімі, перинаталдық және гинекологиялық аурулар мен өлім-жітім себептерінің статистикалық мониторингі мен талдауды жүзеге асыру;
 - 8) жаңа туған нәрестелер мен балалардың туа біткен және тұқым қуалайтын патологиясын тексеру мониторингін жүргізу;

- 9) мамандандырылған медициналық ұйымдармен бірлесіп, ана мен баланы қорғау саласындағы медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында сабақтастықты жүзеге асыру;
 - 10) әйелдер мен нәрестелерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру мәселелері жөнінде форумдар, семинарлар, мастер-кластар ұйымдастырады және өткізу;
 - 11) әйелдер мен балаларға медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру үшін ана мен бала денсаулығын сақтау қызметін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

- **3. ЖММК ұйымының ұсынылатын құрылымы мен бөлімшелері**

- 8. ЖММК көрсететін ұйымның ұсынылатын құрылымы:

- 1) консультациялық-диагностикалық блок;
- 2) акушериялық блок;
- 3) гинекологиялық блок;
- 4) педиатриялық блок;
- 5) зертханалық блок;
- 6) ұйымдастыру-әдістемелік бөлім;
- 7) әкімшілік-шаруашылық блогы.



- 9. ЖММК ұйымының негізгі бөлімшелері:
 - 1) консультациялық-диагностикалық емхана;
 - 2) қабылдау-диагностикалық бөлімшесі;
 - 3) медициналық генетика зертханасы;
 - 4) цитология зертханасы;
 - 5) биохимия зертханасы;

- 6) иммунология зертханасы;
- 7) эндокринология зертханасы;
- 8) клиникалық зертхана;
- 9) бактериология және вирусология зертханасы;
- 10) сәулелі диагностика бөлімшесі;
- 11) ультрадыбыстық диагностика бөлімшесі;
- 12) функциялық диагностика бөлімшесі;
- 13) физиотерапиялық бөлімше;
- 14) операциялық бөлімше;
- 15) анестезиология және реанимация бөлімшесі;
- 16) қабылдау бөлімшесі бар перзентхана блогы;
- 17) эфференттік емдеу әдістері бөлімшесі;
- 18) нәрестелер реанимациясы және қарқынды терапия бөлімшесі;
- 19) нәрестелер бөлімшесі;
- 20) нәрестелер патологиясы бөлімшесі;
- 21) шала туған нәрестелерді күтіп-бағу бөлімшесі;
- 22) ана мен бала бөлімшесі;

- 23) ана мен баланың оқшауланған палаталары;
- 24) жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесі;
- 25) қан қызметі;
- 26) балаларға арналған гинекологиялық кереуеттері бар гинекология бөлімшесі;
- 27) ұрпақты болудың қосалқы технологиясы (ЭКБ) бөлімшесі;
- 28) ұйымдастыру-әдістемелік бөлім;
- 29) информатика және патенттеу бөлімі;
- 30) менеджмент және сапаны бақылау бөлімі;
- 31) халықаралық ынтымақтастық бөлімі;
- 32) орталықтандырылған стерильдеу бөлімі;
- 33) патологоанатомиялық бөлімше;
- 34) дәріхана;
- 35) әкімшілік-шаруашылық қызмет.
- 10. Ұсынылатын жұмыс тәртібі:
 - 1) консультациялық емхана сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейді;
 - 2) стационар жоспарлы түрде емдеуге жатқызуды сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырады;
 - 3) 020/у-нысаны бойынша жүкті, босанатын, босанған әйелдерді, нәрестелерді қабылдау тәулік бойы жүргізіледі.

Қорытынды:

- Ана мен баланың денсаулығы болашақта мемлекетіміздің демографиялық, экономикалық, еңбектік, әлеуметтік, мәдени және қорғаныс қуат-қушін қалыптыстырады. Осыған орай, ана мен баланы қорғау мәселелері денсаулық сақтау жүйесі үшін жұмысының басымды бағыты болып есептелінеді.
- Жүктілік, босану және босанғаннан кейін әйел адам медициналық, әлеуметтік тұрғыдан бақылауда болады. Жүктілік кезінде, одан кейін де жүктінің денсаулығына, өмір сүру және еңбек ету тәртібіне, тамақтануына ерекше мән беріледі. Ол үшін де мемлекетімізде көптеген жеңілдіктер жасалған. Дені сау ана-жарқын болашақтың кепілі.



Қолданылған әдебиеттер:

- www.google.kz
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070005104>
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006302>
- <http://lektsii.com/1-95018.html>
- <http://tengrinews.kz/zakon/kaz/docs?ngr=V070005104>